

**Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – бақшасы
МКҚК ата – аналар жиналысының**

ХАТТАМАСЫ № 1

Сызған ауылы

15 қыркүйек 2023 жыл

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі және ата - аналар

Күн тәртібінде:

1. «Балабақшадағы күн тәртібі» тақырыбында топтардағы ата-аналар жиналысы.
2. Жаңадан келген ата-аналарды 2023-2024 оқу жылына арналған мақсаттар және міндеттермен таныстыру.
3. 2023-2024 оқу жылына арналған ата-аналар комитетінің құрамын сайлау.
4. Сауалнама жүргізу.
5. Балалар ауруларының алдын алу бойынша мейірбикенің баяндамасы.

Тыңдалды: Жанибекова Г – меңгеруші

Балабақша меңгерушісі Г. Жанибекова сөз алды. Ол өз сөзінде: ата – аналарды жаңа оқу жылымен құттықтап, жиналыстың күн тәртібімен таныстырды. Алдағы оқу жылына саттылық пен бірлік тіледі. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы, санитарлық жағдайы туралы сөз етті. Былтырғы жылы екі топтың ойын бөлмелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізген. Ал биылғы жылы өз қараж есебінен балабақшаның ішкі бөлмелеріне және даладағы ойын алаңдарына сырлау жұмыстары жүргізілгенін айтты. «Қарлығаш» ортаңғы жас тобы мен «Балапан» кіші жас топтарында кезекті ата – аналар жиналысы болды. Енді бүгін жалпы ата – аналар жиналысын жасап отырмыз. Жалпы жаңа оқу жылына дайындығымыз жақсы. Жаңа оқу жылының құжаттары 31 тамыздағы педагогикалық кеңесте бекітілді. Алайда балаларға арналған заттық дамытушы орта толық жабдықталмаған, кітап қорыда жеткіліксіз, ойыншықтар аз болып отыр. Барлығы қаржы мәселесіне қатысты болып отыр. Алдағы уақытта бұл мәселеде оң шешімін тауып қалар, - деп сөзін аяқтады.

Жарыс сөз: Жылысбаева Р - әдіскер

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Р. Жылысбаева сөз алды. Жаңадан келген ата-аналарға 2023-2024 оқу жылына арналған мақсаттар және міндеттерінмен таныстырды.

- * Тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру.

- * Тәрбиеленушілердің қимыл – қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмицияналдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру.

- * Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу.

- * Баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Балабақша әдіскері Р. Жылысбаева осы жоғарыда айтылған мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін күн тәртібінің маңызы өте зор екенін айтып өтті. Сондықтан баланы балабақшаға кешіктірмей әкелген дұрыс. Балаға таңертең таңғы жаттығуды ұйымдастыру және өткізу туралы талдау жасады. «Қарлығаш» ортаңғы және «Балапан» кіші топтарында таңертеңгілік жаттығу таза ауада жасалып жатыр. Таңғы жаттығудың балалар үшін денсаулықтарына берері мол. Біздің ең басты мақсатымыздың бірі дені сау ұрпақ тәрбиелеу. Дені сау ұрпақ еліміздің болашағы. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бүлдіршін, балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөленеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне балабақшаның маңызы зор. Мектеп жасына дейінгі баланы дене жағынан тәрбиелеу ерекше орын алады. Балабақшада дене жаттығулары мынандай түрге бөлінеді: таңертеңгі жаттығу, қимылды ойындар, спорттық жаттығулар, қарапайым туризм. Таңертеңгілік жаттығу балаларды ақыл-ой адамгершілік, еңбек және эстетикалық жағынан тәрбиелеу жұмысын жүзеге асыруға, сергек, шат көңілді және күні бойы белсенді болуларына ықпал етуі тиіс. Таңертеңгі жаттығумен жүйелі айналушылар да ұйқышылдық жоғалады, эмоционалдық өрлеу басталады, қабілеттілігі артады. Балаларды тәртіптендіреді. Баланың бақытты болуы үшін, дененің сау болуы үшін қамқорлық жасауымыз керек. Дені сау баланың ақыл- ойы айқын, өз-өзіне сенімді, жан-жағына қуанышпен шаттана қарайтындай болуы шарт. Бала денсаулығының мықты болып, қозғалыс, дене құрлысының дұрыс жетілдіру, қабілетін арттыру ең басты міндетіміз.

Балабақшадағы әр баланы Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулимыз. Ұлттық ойындар ойнату арқылы бала бойына ұлттық бірегейлік қалыптастырамыз. Түрлі өлең- тапқар жаттату арқылы Отанды, ана тілін сүйуге

машықтандырамыз. Сондай – ақ, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беруге жұмыстар атқаратынын айтып сөзін аяқтады.

Жарыс сөз: Жанибекова Г – меңгеруші

Келесі мәселе бойынша биылғы 2023-2024 оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамын сайлау керектігін айтты. Ата – аналар комитетін және құрамын сайлауға қымды ұсынасыздар, - деп ата – аналарға ой салды.

Жарыс сөз: Пірназарова Г – ата – ана

Менің осы балабақшаға 4 – ші перзентім келіп жатыр. Алды мектепте 6 сынып оқып білім алып жатыр. Педагогтардың баламен, ата – анамен қарым – қатынасы маған ұнайды. Барлығыда жоғары білімді. Мен ата – ана ретінде Ходжакулова Раузе апайды ұсынар едім. Бұл апайда неше жылдан бері осы балабақшамен қоян – қолтық жұмыс жасап келеді. Бұл апайдыңда 4 – ші баласы келіп жатыр. Сонымен бірге Калмуратова Назигуль апайды ұсынар едім. Бұл апайда осы балабақшамен тығыз байланыста болады. Былтырғы жылы осы балабақшаны тамамдап баласы мектеп алда даярлық сыныбына кетті, - деп ұсынысын айтты.

Жарыс сөз: А. Елшібек – ата – ана

Ата – ана А. Елшібек сөз алды. Менің ұлым былтырдан бері осы балабақшаға келіп жатыр. Биылғы жылы ортаңғы топқа көшті. Мен ата – ана ретінде Аншыбаева Лаззат апай мен Налибаева Шолпан апайларымызды ұсынар едім. Лаззат апайдыңда балабақшаға екі қызы келеді. Белсенді ата – ана. Балабақшадағы сайыстарға белсене қатысады. Шолпан апайымызда белсенді ата – аналардың бірі. Осы Аншыбаева Лаззат апайды ата – аналар комитетінің төрайымы, жоғарыда айтылған Раузе және Назигуль, Шолпан апайларымызды мүшесі етіп сайласақ, - деп ұсынысын айтты. Бұл ұсынысты барлық ата – аналар қолдап, қуаттады.

Келесі мәселе бойынша балабақша әдіскері Р. Жылысбаева жалпы ата – аналардан әлеуметтік жағдайлары туралы сауалнама алды. Сауалнаманың мақсаты: әр баланың әлеуметтік жағдайын анықтау.

Баяндама: Базарбаева М – медбике

Балабақша медбикесі М. Базарбаева ата – аналарға Тұмау және ЖРВИ алдын алу жөнінде ата – аналарға кеңестер берді.

Тұмау және ЖРВИ алдын алу: баланы вирустан қалай сақтауға болады?

- **Вакцинация.** Жылына бір рет, күз айларында, барлық жанұя мүшелерінің тұмауға қарсы вакцина алуына кеңес беріледі. Жыл сайын біздің облысымызда ақысыз түрде тұрғындардың неғұрлым әлсіз топ өкілдері: балалар үйінің, сәбилер үйінің тәрбиеленушілері, мектеп – интернат оқушылары, қарттар үйіндегі адамдар, медкызметкерлер егіледі. Сонымен қатар осы жылдың қазан айынан бастап қаланың барлық емханаларында ақылы түрде тұрғындарға вакцинация жасалады;
- Тұмауға қарсы витаминдік профилактика балалар мен ересек адамдардың респираторлық вирустарды жұқтыруына тосқауыл болады. Респираторлық вирустарға қарсы тұруға жеке бас тазалығын сақтау және белсенді салауатты өмір салты көмектеседі, соның ішінде:
- Жоғарғы тыныс жолдарының кілегей қабаты және тері жамылғысының тазалығы (тамақты шаю, мұрын қуысын шаю, қолды жиі сабындап жуу және тұрақты шомылу шаралары);
- Үйдің тазалығын сақтау – қоршаған орта әсерінен тұмау вирусы тез жойылады (тұрақты түрде бөлмелерді желдету және ылғалды тазарту, бөлме температурасын 20-24С және ылғалдылықты 30-35% аралығында ұстау);
- Көкөніс пен жеміс-жидектен тұратын толыққанды байытылған тамақ көздерін пайдалану;
- Дене шынықтырумен, спортпен айналысу және организмді шынықтыру. Егер бала сыр аурудың асқынуынан сақтайсыз. Мұрын қуысына “Оксолин” майын жағыңыз — ол вирустың таралуына тосқауыл болады. Оны науқас та, сырқаттанбаған адам да пайдалануға болады. Баланы үй жағдайында өзіңіз емдемеңіз – бұл оның денсаулығы мен өміріне қауіпті. Дәрігер шақыртыңыз – себебі тек білікті маман ғана дұрыс диагноз қойып, ем-шара тағайындай алады. қаттанса — не істеу керек? Ең бастысы – үйде қалыңыз. Осылайша сіз балаңызды аурудың асқынуынан сақтайсыз. Мұрын қуысына “Оксолин” майын жағыңыз — ол вирустың таралуына тосқауыл болады. Оны науқас та, сырқаттанбаған адам да пайдалануға болады. Баланы үй жағдайында өзіңіз емдемеңіз – бұл оның денсаулығы мен өміріне қауіпті. Дәрігер шақыртыңыз – себебі тек білікті маман ғана дұрыс диагноз қойып, ем-шара тағайындай алады.

Аурудың алғашқы

белгілері пайда болса:

1. Дәрігерді үйге шақырып, үйде қалыңыз;
2. Төсек режимін сақтаңыз;

3. Бөлмені күніне 2 рет таза ауамен желдетіңіз;
4. Мұрыннан су аққанда, жөтелгенде, медициналық демперде киген жөн;
5. Сусын, шай, шырын түрінде сұйықты көп ішіңіз;
6. Жеке бас тазалығын сақтаңыз;

Жігі респираторлық вирустық инфекция және басқа да вирусты инфекциялардың алдын алу шаралары

1. Үйден шығарда мұрныңыздың ішіне оксалин жақпасын жағыңыз;
2. Адамдар көп жиналған жерден аулақ болыңыз;
3. Сұйықты көп ішіңіз, таза ауада көп жүріңіз;
4. С дәрумені бар тағамдарды көбірек қолданыңыз;
5. Халық емін қолданыңыз(пияз, сарымсақ).
6. Ұсыныстарын қатаң сақтаңыз.

Жиналыс шешім етті:

1. Жаңадан келген ата-аналарды 2023-2024 оқу жылына арналған мақсаттар және міндеттермен таныстырылды.
2. 2023-2024 оқу жылына ата-аналар комитетінің құрамы сайлансын.
Аншыбаева Л - ата – аналар комитетінің төрайымы.
Налибаева Ш – мүшесі
Ходжакулова Р – мүшесі
Калмуратова Н – мүшесі
3. Балабақша медбикесі М. Базарбаева ата – аналармен Тұмау және ЖРВИ ауруларын алдын алу жөнінде жұмыстар күшейтілсін.

Балабақша меңгерушісі

Хатшы:



Жанибекова Г

Музафарова Қ

**Сөзақ ауданының білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – бақшасы
МКҚК ата – аналар жиналысының**

ХАТТАМАСЫ № 2

Сызған ауылы

15 қараша 2023 жыл

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі және ата - аналар

Күн тәртібінде:

1. Педагог - психологпен кездесу.
Ата-аналарға балаларды балабақшаға бейімдеу бойынша кеңес беру
(баланың мінез-кұлқы, жағдайларды талдау, жеке әңгімелесу, сауалнама).
2. Топтарды жинақтау және рәсімдеу жұмысына ата-аналардың көмектесуі.
3. Балалар ауруларының алдын алу бойынша мейірбикенің баяндамасы

Тыңдалды: Жанибекова Г – меңгеруші

Балабақша меңгерушісі Г. Жанибекова сөз алды. Ол сөзінде: балабақшаның педагог – психологінің қазіргі таңда бала күтіміне байланысты декреттік демалыста екенін айтты. Сондықтан топ тәрбиешілерімен сұхбаттасып, балаларды балабақшаға бейімдеу бойынша кеңес алуға болатынын айтты. (баланың мінез-кұлқы, жағдайларды талдау, жеке әңгімелесу т.б).

Жарыс сөз: Аңшыбаева Л – ата - ана

1. «Қарлығаш» ортаңғы тобының ата – анасы Л. Аңшыбаева сөз алды. Ол өз сөзінде: топ тәрбиешілерімен үнемі байланыста болып қызының жағдайын, іс әрекетін сұрап тығыз байланыс орнатып отыратынын айтты. Қызы Айтбай Медина алғаш балабақшаға келегенде 2 – 3 апта жылаған. Сол кезде топ тәрбиешілерінің кеңесіне жүгініп қызымды балабақшаға бейімделуін бірге жүргіздік. Тәрбиешілер қызыммен жеке жұмыс жасады. Қазір сол қызым балабақшаға асығып отырады. Балабақшадағы апайларын жақсы көреді. Достарын уйде үнемі айтып отырады, - деп өз ойын айтты. Басқа ата – аналарда топ тәрбиешілерімен тығыз байланыста болатынын, балаларының мінез – құлықтарын, жағдайларын біліп кеңес алып тұратынын және топтағы ата – аналарға арналған чагтан күнделікті баланың балабақшада немен шұғылданып жатқаны туралы видео мен суреттер жіберіп отыратынын айтты.

Тыңдалды: Сейткасимова А – тәрбиеші

2. «Қарлығаш» ортаңғы тобының тәрбиешісі А. Сейткасимова сөз алды. Топтағы ата – аналардың тәрбиешілерге көмек ретінде дидактикалық материалдар мен ойындардың атрибуттарын жасауға көмектескенін айтып, ата – аналарға алғысын атты. Ата – аналардан баланың зейінін ашатын және дамытатын ойындарды үй жағдайында жасап беруге болатынына кеңес берді. Балалардың қызыға ойнауға таптырмайтын құрал екенін айтты. Балабақшада балаларға арналған кіпәтхана бұрышы бар. Сол жерде отырып балаларға немесе балаңызға кітап оқып берсеңіздер болады. Немесе кітапты үйге алып кетіп балаңызбен бірге оқуға болатынын үнемі айтып жүрміз. Сондықтан осы кіпәтхана бұрышын тиімді пайдалансаныздар, - деп ұсынысын айтты.

Тыңдалды: Базарбаева М – медбике

Балабақша медбикесі М. Базарбаева Созақ ауданының білім бөлімінің басшысы Н. Айдаровтың 2023 жылғы 27 қыркүйектегі № 07-01-181320 хатындағы балалар арасында қызылша, жедел ішек инфекциялары және жедел респираторлық инфекциялардың күрт көбейіп, аталған аурулар эпидемиологиялық сипат алғаны туралы мәлімдеме жасады. Сондықтан эпидемиологиялық ахуал тұрақтанғанға дейін балабақшалардағы медбикелер ауылдық педиаторлармен тығыз байланыста болып, балаларға медциналық карап – тексеру жұмыстарын күнделікті жүргізу керектігі айтылғанын айтты. Осы хатты негізге ала отырып «Балалар ауруларының алдын алу» бойынша мейірбике баяндама жасады. Қазіргі таңда барлық өңірлерде қызылша инвекциясы балалар мен ересектер арасында кеңінен тарап жатыр. Сондықтан балаларыңызды тойға, жиынға шығармау керектігін ескертті. Қызылшаның алдын алудың ең тиімді, сенімді және баламасыз жолы - вакцинация. Қызылшаға қарсы егу – вирусты жасанды жолмен тоқтату, нәтижесінде ағза өзін қорғайтын иммунитет қалыптастырады. Ең алғашқы вакцинация балаларға 12-15 айлығында, екіншісі 6 жаста жасалады. Егу тұрақты имундық қорғанышты қалыптастырады. Қызылшаға қарсы қосымша егулер наукаспен қатынаста болған қызылшаға қарсы егілмеген адамдарға эпидемиологиялық көрсетіліммен 30 жасқа дейінгі адамдарға салынады. Қызылша – ауа-тамшылы инфекциялар тобына жататын жедел жұкпалы вирустық ауру, онымен көбінесе балалар ауырады. Ауру адамнан адамға ауа арқылы тыныс алу жолдарының тамшыларымен немесе жұқтырған адамдардың мұрнының немесе тамағының бөліндісімен тікелей байланыста болғанда таралады. Аурудың негізгі белгілері: дене қызуының 38-40 градусқа дейін көтерілуімен, көздің шырышты қабығының, мұрын-жұтқыншақтың, жоғарғы тыңыс жолдарының қабынуымен, лимфа түйіндерінің ұлғаюымен, теріде бөртпе пайда болу белгілерімен сипатталады. Жалпы әлсіздік, бас ауруы,

тәбеттің төмендеуі, ұйқының бұзылуы пайда болады. Мұрын бітеліп, құрғақ жөтел болуы мүмкін. 3-8 күн аралығында денеге бөртпе шығады. Қызылша адамдар үшін аса контагиозды жұқпалардың бірі, өйткені инфекция көзімен жақын қарым-қатынаста болғаннан кейін қызылшаға қарсы вакцинацияланбаған адамдардың 90%-дан астамы ауырады. Көбіне қызылшамен 5 жасқа дейінгі балалар немесе 20 жастан аскандар ауырады. Бөртпе қызғылт немесе қызыл дақтар түрінде пайда болады. Бірінші күні құлақтың артында, шаш арасында, бет пен мойында, кеуденің жоғарғы бөлігінде шығады. Екінші күні бөртпе денеде және қолдың жоғарғы бөлігінде пайда болады. Үшінші күні аяқта шығып, беттегі бөртпелер бозарады. Егер аурудың белгілері байқалса, басқаларға жұқтырмас үшін қарым-қатынасты дереу тоқтату керек. Мұндайда бірден емханаға барған жөн. Ауру адам қан және зәр тапсырады. Зертханалық сынамадан кейін диагнозды инфекционист-дәрігер қояды. Мамандар аурумен қатынаста болған адамдарды 21 күн бойы оқшаулап, бақылап отырады. Бұрын қызылшамен ауырмаған және егілмеген адам ауырған сырқатпен қарым-қатынаста болса, ауру жұқтыру қаупі өте жоғары. Сол үшін де екпе мерзімін қатаң сақтау және инфекция ошағында эпидемияға қарсы шаралар жүргізу өте маңызды.

Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздейік!, - деп баяндамасын аяқтады.

Жиналыс шешім етті:

1. Топ тәрбиешілерінің ата-аналарға балаларды балабақшаға бейімдеу бойынша кеңес беруі қанағаттанарлық.
(баланың мінез-құлқы, жағдайларды талдау, жеке әңгімелесу)
2. Топтарды жинақтау және рәсімдеу жұмысына ата-аналар тартылсын.
3. Балалар ауруларының алдын алу бойынша мейірбике М. Базарбаеваның баяндамасы бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Балабақша меңгерушісі

Хатшы:



Жанибекова Г

Музафарова Қ

**Созақ ауданының білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – бақшасы
МКҚК кезектен тыс ата – аналар жиналысының**

ХАТТАМАСЫ

Сызған ауылы

01 ақпан 2024 жыл

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі және ата - аналар

Күн тәртібінде:

1. Балабақшадан артық он (10) бала шығару туралы.

Тыңдалды:

Балабақша меңгерушісі Г. Жанибекова ата – аналарды күн тәртібімен таныстырды. Ол өз сөзінде: аудандық білім бөлімінің басшысы Н. Айдаровтың 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 27 бұйрығы негізінде, балабақшамызға 2024 жылдың 22-26 қаңтар аралығында зерделеу жұмысы жүргілген болатын. Зерделеу нәтижесі қорытындысы бойынша балабақшада балалар контингенті МДҰ жобалық қуаттылығына сәйкес топтардағы балалар саны үлгілік қағидаларға сәйкес нормативтен асуы және «Балапан» кіші жас тобында бес (5) бала артық екені, жалпы балабақшаның қуаттылығына сәйкес жалпы он (10) бала артық деп көрсетілген. Сондықтан балабақшадан он (10) бала шығару қажеттілігі туындап отыр.

Осы аталған кемшіліктер 2024 жылдың 05 ақпан күні аудандық педагогикалық кеңес отырысында талқыланатын болады. Сондықтан сіздермен ақылдаса келе артық балаларды балабақшадан шығарайық. Алдағы уақытта балалардың сыйымдылығын ескере келе, балабақшаға бөлмелер қосып осы балаларды қайтадан алуға ықпал етеміз, - деп ата – аналарға ұсынысын айтты.

Тыңдалды:

Балабақшаның ата – аналар комитетінің төрайымы Л. Аңшыбаева сөз алды. Жоғарыда айтылған үлкен мәселе екен. Енді заң аясында жұмыс жүргізу балабақшаның басты міндетінің бірі болып отыр. Сондықтан түсіністік танытып «арба сынбайтын, өгіз өлмейтін» жағын қарастырайық. Менің өз пікірім үйде отырған ата – аналардың балаларын шығара тұрсақ. Ата – анасы бірдей жұмыста болатын отбасыларға қиындықтар туындайды. Балаларды бөліп – жаруға біздің ешқандай қакымыз жоқ. Барлық бала - бір жұлдыз. Бұл жерде баланың да ешқандай кінасы жоқ. Сондықтан бұл мәселені ақылдасып, түсіністікпен шешейік, - деп ата – аналарға ой салды.

Тыңдалды:

Балабақшаның ата – анасы Қалмұрзаев Жанболат сөз алды. Ол өз сөзінде: егер өз еркімен баласын балабақшадан шығарып алатын ата – аналар болса жеңілірек болар еді, - деп пікір білдірді. Ата – аналар ақылдаса келе өз еріктерімен балаларын шығаратын болды.

1. Жарылхасын Нұрлыхан Даулетұлы
2. Нұрпейіс Акберген Жаксыбекұлы
3. Жаңабай Аяла Нұрқанатқызы
4. Әділбек Иманғали Еркебұланұлы
5. Русланұлы Төлеби
6. Ғалымжан Мансұр Абзалұлы
7. Жарылқасым Асылым Сәулетқызы
8. Бектеміс Анар Ғалымқызы
9. Лесбек Асылым Рахатқызы
10. Жакып Нурислам Пернебекұлы

Жиғалыс шешім етті:

1. Мына төмендегі балабақша тәрбиеленушілері балабақшадан шығарылсын.
 1. Жарылхасын Нұрлыхан Даулетұлы
 2. Нұрпейіс Акберген Жаксыбекұлы
 3. Жаңабай Аяла Нұрқанатқызы
 4. Әділбек Иманғали Еркебұланұлы
 5. Русланұлы Төлеби
 6. Ғалымжан Мансұр Абзалұлы
 7. Жарылқасым Асылым Сәулетқызы
 8. Бектеміс Анар Ғалымқызы
 9. Лесбек Асылым Рахатқызы
 10. Жакып Нурислам Пернебекұлы

Балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



Жанибекова Г

Музафарова Қ

**Сөзак ауданының білім бөлімінің «Балдәурен» бөбекжай – бақшасы
МКҚК ата – аналар жиналысының**

ХАТТАМАСЫ № 3

Сызған ауылы

12 ақпан 2024 жыл

Қатысқандар: балабақша әкімшілігі және ата - аналар

Күн тәртібінде:

1. Топта «Ойын арқылы оқыту технологиясы» тақырыбына презентация жасап, ата-аналар жиналысын өткізу.
2. Педагог - психологпен әңгімелесу. «Ойыншықтарды жинауды қалай үйрету керек?»
3. Балалар ауруларының алдын алу бойынша мейірбикенің баяндамасы.

Тыңдалды: Жанибекова Г – меңгеруші

Балабақша меңгерушісі Г. Жанибекова жиналысты ашып сөз алды. Ол өз сөзінде «Ойын арқылы оқыту» тақырыбына ата-аналарға презентация жасады.

Ойын – оқу үрдісіндегі оқытудың әрі формасы, әрі әдісі. Сонымен бірге ойынды педагогпен тәрбиеленушілердің бірлескен оқу әрекетінің өзара байланысты технологиясы ретінде қолдануға болады. Балабақшада негізгі әрекеті – ойын болса, мектепте оқу – тәрбие үрдісінде олар біртіндеп ойын әрекетінен оқу әрекетін орындауға бейімделуі тиіс. Ол сабақ барысында пайдаланатын түрлі ойындар арқылы жүзеге асады.

✓ **Мақсаты**– Ойын арқылы балалардың білім - білік, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.

✓ **Балаларды оқытудағы ойынның ерекшелігі:**

- Ойын барысында баланың ой-өрісі дамиды, сөйлеу қабілеті жетіледі, қарым - қатынас жасауға үйренеді, көңіл - күйі көтеріледі, бала жалықпайды, сөздік қоры көбейеді.
- Оқу әрекетінің сапасы жақсарады, пәнге деген қызығушылығы артады, логикалық ойлай білуге ұмтылдырады, тәртіп сақтау қабілеті, есте сақтау қабілеті қалыптасады.

✓ **Ойындардың сапалылығы:**

Ойын барысында грамматикалық анықтамаларды, тілдік нормаларды игерту мүмкіндіктері мол болады. Оқу әрекетінде педагогтің диктаторлық рөлі жойылып, баланың серіктестікке, ынтымақтастыққа, бірігіп жұмыс істеуге деген қызығушылықтары артады. Ойын барысында баланың адамгершілік қасиеттері, өмірге деген көзқарасы, қызығушылығы

калыптасады. Ойын үлгісінің технологиясы баланың нақ осындай белсенділіктерін арттырады. Кез-келген бала да адамның мәдениеті де ойын арқылы дамып, қызығушылығын арттыру үшін болмақ сиясы арқылы баланын оқуға

✓ Ойын дегеніміз не?

Ойын дегеніміз – халықтың баланы әдептілікке, сауаттылыққа баулитын құралдың бірі.

Бала саналы, мәдениетті, адамгершілігі мол болып, жан-жақты дамуы үшін және тілін дамытып, сөз байлығын дамыту үшін және айналадағы өмір құбылысын ұғыну үшін пайдаланудың маңызы зор.

А. С Макаренко «Ойында бала қандай болса, өмірде кәсіби қызмет саласында, көбінесе сондай болады», - деген. Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу – бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асыралады. Ойын – балалар үшін айналадағы танып, білу тәсілі.

Ойын әрекеті мазмұнынан әлеуметтік сипаты баланың қоғамдық өмір сүретіндігімен байланысты. Ол алғашқы айлардан бастап – ақ маңайындағылармен қарым-қатынас жасауға ұмытылады, соның арқасында жасау құралы, күш қуаты тілді біртіндеп меңгереді.

✓ Ойын- бала әрекетінің негізгі түрі

Ойын ойнағанда бөлме теңіз де, ұшақ та темір жол вагоны да болуы мүмкін. Балалар ойын кезінде тыныш отыра алмайды. Тіпті жалғыз баланың өзінде де сөйлесіп жүреді.. Сондықтан, ойын барысында тілдесім үлгісі қалыптасады.

Ойындар мазмұнына қарай, өзіне тән ерекшеліктеріне қарай сюжетті-рольді, драматизациялық, дидактикалық құрылыс ойындары, қимылды ойындар, ұлттық ойындар болып бөлінеді.

Ойынның түрлері өте көп. Мысалы: рөлдік ойындар, дене шынықтыру ойындары, сюжеттік ойындар, дидактикалық ойын элементерін пайдаланудың маңызы өте зор. Дидактикалық ойындар баланың ақыл – ойын дамытып, сабаққа деген қызығушылықтарын арттырады. Тіпті нашар оқитын балалардың өздері де ойын элементтері араласқан сабаққа зор ынтамен, жігерімен араласатыны анық.

✓ Қорытынды

Қорыта келе айтарым, білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үрдісі болса, қазіргі кездегі білім беру – баланың пікірін бағалау, баланың тыңдай білу. Ұстаз бен шәкірттің бірлесе жасаған еңбегінің нәтижесі – сапалы білім болып табылады. Белгілі педагог В.А. Сухомлинский айтқандай: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды!». Ендеше, баланы ойынға қатыстырып үйрету арқылы ойыны қайсы, үйретуі қайсы екенін балалар айырмастай, сезбестей етіп сабақ өткізген ұтымды.

Тыңдалды: Бидаулетова П – тәрбиеші

Келесі мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі П. Бидаулетова балабақша психологі Р. Ходжакулованың декреттік демалыста екенін айтып өтті. Сондықтан ата - аналарға «Ойыншықтарды жинауды қалай үйрету керек?» тақырыбында пікір - алмасуды сәтін ұйымдастырды. Ата – аналарға Ойыншықтарды жинауды қалай үйрету керек?, - деп сауал қойды.

Жарыс сөз: Қалмұратова Н – ата – ана

«Балапан» кіші тобының ата – анасы Н. Қалмұратова сөз алды. Ол өз сөзінде: балабақшаға алғашқы келген сәбидің «ойыншықты жинау» деген дағды баланың «бағажында» болу тиісті. Балабақша да осыған үйретеді. Бала тәрбиешінің нұсқауларын орындауға үйренеді, жеке ұжымның беделі де ролін ойнайды. Үйден осындай дағдыларға үйренбеген бала, балабақшада тәрбиешінің талабын ұнатпайды.

- Баладан «ойыншықтар тәртібін сақта!» – деген талабын сұрауға болмайды деген көзқарас бар. Кішкентай болғандықтан бала бұл талапты орындай алмайды емес, ең әуелі ер адамдардың, ата - аналардың тәртіп туралы елестері баланың табиғатына, психикалық жас ерекшеліктеріне бөтен. «Бәрін орын - орнына қой, шашпа!» – деген талап баланың шығармашылық потенциалын дамытпайды, оның іздену белсенділігін өшеді. Бала әлемдік, космостық заңы бойынша дамиды: алғашқы баланың әлемі – бұл алғашқы аласапыран, оны бала тәртіпке келтіреді. Біздің «бәрі орында болу керек» деген тәртібіміз балаға жарамайды, оған қызықты емес. Сондықтан ата-анаға бірінші кезекте шыдамдылық пен сабырлық қажет, - деп пікірін айтты.

Жарыс сөз: Базарбаева М – ата – ана

«Қарлығаш» ортаңғы жас тобының ата – анасы М. Базарбаева сөз алды. Ол өз сөзінде: Ең біріншіде, баланың жеке бөлмесі болу тиісті. Өз бөлмесінде не істеймін десе, соны істейді. Шығармашылыққа кеңістігі мол, бірақ қауіпсіздікті ескерту керек. Ақиқатты өмірде баланың жеке бөлмесі болуы – аса кереметтік, осыдан баламен бар пентікпен бөлісу керек. Мысалы, пәтердегі тұсқағазға сурет салуға болмайды, тек қана қабырғадағы арнайы орында ілініп тұрған ватманды суреттеуге болады. Қабырғалық суреттеуге арналған орын бөлінсін. Бөлмеде шашылып жатқан ойыншықтар жиналуға тиісті, бірақ үстелдің астындағы өз «үйінде» ойыншықтар тәртібіне бала өзі хожайын. Балабақшада осындай компромисстерге орын жоқ. Балалардың саны көп, ойыншықтар бәріне жетпейді (оларды осыдан баптап, күтіп ұстауға тәрбиелейді), тәрбиешілердің өз елестері: не дұрыс, не бұрыс. Он бес жаратушылардың жасаған былықтарына тәрбиеші, әрине, келіспейді.

Қысқасы, 3-4 жастағы балаға «тәртіпке кез келді» десек артық болмас, әйтпесе «тәртіпті» баланы тәрбиелейміз деп кәдімгі «салақ» баланы тәрбиелейміз.

«Жинауға», «реттеуге» деген мәселе осыдан шығады. Үй ішінен бастап баланы ойнап отырып үйретіңіз. Бұйрықты, талапты сөйлеу тоны мен емес, тек қана ойынмен үйрету. Қар жинау машинасы, эвакуаторлар, крандар, жүк тасушы ойындарына ойнауға болады. Еденге шашылған ұсақтарды «жидек, саңырауқұлақ, гүлдерді» жинайықшы – деп, баланың қызығушылығын оятуға болады. Немесе сайыс ұйымдастыру: кім ойыншықтарды тез жинайды екен, тағы басқа әдістерді ойлап шығару болады. Ең бастысы, бірізділікті болыңыз. «Ойыншықтарды кеше сен жинадың, бүгін мен жинайын, ертен солай шашылып жата берсін» – деп, тәрбиелеуге болмайды деп сөзін аяқтады.

Жарыс сөз: Асанбаев Е – ата – ана

«Балапан» кіші тобының ата – анасы Е. Асанбаев сөз алды. Ол өз сөзінде: Біріншіден, ойыншықтарды шашып тастағаны әрі оны жинамағаны үшін дауыс көтеріп, ұрыс көрсетпеңіз. Балаға агрессия жасалған сайын табиғи инстинктісі кері әсер беріп, өзіңізге агрессия танытатын қырсық бола бастайды. Балалар қашанда айналасындағы адамдардың іс-әрекетіне, амал-әрекетіне мән береді. Сондықтан ойыншықты жинауды баламен бірге бастаңыз. Көбінде ата-аналар ойыншықты өзі жинайды да, осылай жинау керек деген тәрізді нұсқау береді. Алайда бұл жай ғана нәтиже ғой, қалай жинау керектігі жайында ақпарат, мағлұмат беріп отырған жоқсыз. Салдардың дұрыс еместігі жайында айту балаға ешқандай да ақпарат бермейді. Керсінше, осылай жасау керек деп бағыттауыңыз – нағыз мағлұмат. Алғаш болып өзіңіз жинай отырып, балаға да ойыншық жинатыңыз, яғни баламен бірге жинаңыз. Басында бала тек 1-2 ойыншықты ғана жинауы мүмкін, ал қалғанын өзіңіз жиыстырыңыз. Кейінгі уақыттарда бала одан да көп ойыншықты жинауға ұмтылдыру қажет. Мұндай уақытта сіз тек 1-2 ойыншықпен тоқтаңыз, қалғанын бала реттесін. Бұл жұмысты баламен үнемі атқару қажет. Есіңізге түсіп кеткенде не жинау керек болғанда ғана әрекет етпей, баланың да, өзіңіздің де әдетіңізге айналдырыңыз. Үнемі, кезең-кезеңімен жасалған жұмыс нәтижесіз болмақ емес. Ойыншықтарды жинауды ойын формасында өткізсеңіз болады. Яғни, жарыс түрінде өткізгеніңіз құба - құп. «Кім көп жинайды?» немесе «кім тез жинайды» тәрізді шарт қойыңыз. Ойын процесі балаларға қашанда стимул. Немесе балаларға ойыншықтың да ұйықтауы, өз орнына жатуы, тұруы-керектігі жайында ұқтырып, қуыршақтарды қорапта ұйықтайды деп, ал мәшинелер

гаражда тұрады деп ескертсеңіз болады. Сонда да бала ойыншық жинауға көнбесе, жиналмаған ойыншықтарды жеп қоятын «құбыжық қорап» ойлап табыңыз. Ал жиналмаған ойыншықтарды сонда тастаңыз. Олар тек аптасына бір реті ғана беріледі деп ескертіңіз. Бала айтқандарыңызды орындаса, міндетті түрде мақтаныз, жылы сөздер айтыңыз. Баланың құштарлығы артады, - деп ұсынысын айтты.

Тыңдалды: Базарбаева М – медбике

Балабақша медбикесі М. Базарбаева балалар ауруларының алдын алу бойынша баяндамасына тоқталды. Жедел респираторлы вирустық инфекциялар – интоксикация белгілерімен, катаралды құбылыстарымен, тыныс алу жолдарының әртүрлі бөлігін зақымдауымен, жоғары контагиоздылығымен ерекшеленетін аурулар тобы.

Жедел респираторлы вирустық инфекциялармен аурудың өсуі жылдың суық мезгілінде басталады. Оған бір жағынан бұған вирустың төмен температуралар әсеріне жоғары төзімділігі әсер етеді. Екінші жағынан салқын тигізу ағзаның қорғаныс қасиеттерін төмендетеді.

Инфекцияны таратушы науқас адам болып табылады. Таралуы – ауа-тамшы жолымен. Бұл – вирустың ұйымдастырылған ұжымдарда, үйжайлардың ішінде аса жылдам таралуын түсіндіреді.

ЖРВИ белгілері: дене қызуының жоғарылауы, жөтел, мұрынның бітелуі, тұмау, түшкіру, бас ауруы, селкостық, әлсіздік, ауыршаңдық.

Бәрінен жиі ұжымдардағы балалар, яғни мектепалды мекемелері мен мектептерге баратын балалар, жұқтырады.

Аурудың эпидемиялық өршу кезеңінде арнайы емес алдын алу шараларын қолдану ұсынылады.

- ауру белгілері бар адамдармен байланыс жасаудан қашу;
- адамдар көп жиналған орындарда және қоғамдық көлікте болу уақытын қысқарту;
- медициналық маска тағу;
- қолды сабындап жиі әрі мұқият жуу немесе қолды өңдеуге арналған арнайы құралмен сүрту;
- үйжайды сумен тазалау, ауаны желдету және ылғалдандыру;
- салауатты өмір салтын ұстану (толыққанды ұйқы, үйлестірілген тамақтану, дене белсенділігі).

Ағзаның респираторлы вирустарға, оның ішінде грипп вирусына, төзімділігін арттыру мақсатында арнайы емес алдын алу шаралары ретінде иммунитетті арттыратын түрлі препараттар мен құралдар қолданылады (дәрігердің ұсынуымен).

Сонымен қатар ЖРВИ (дәлірек айтқанда грипптің) алдын алу әдістерінің біріне вакцинация – арнайы алдын алу әдісі жатады.

Вакцинация тұрғындардың барлық топтарына, әсіресе қауіпті топ контингентіне, ұсынылады: 6 айдан асқан балаларға, созылмалы аурулармен ауыратын егде жастағы адамдарға, медицина қызметкерлеріне, мұғалімдерге, студенттерге, қызмет көрсету және тасымалдау саласының жұмыскерлеріне. Вакцинация аурудың эпидемиологиялық өршуі басталардан кем дегенде 2-3 апта бұрын жүргізіледі. Вакцинацияның дәстүрлі мерзімі – қазаннан желтоқсанға дейін.

ЖРВИ-мен ауырып қалсаңыз не істеу керек?

Үйде қалып, шұғыл түрде дәрігерге қаралу керек. ЖРВИ кезінде өз бетіңмен емделуге болмайды. Тек дәрігер ғана диагноз қойып, қажетті ем тағайындау керек. Емдеуші дәрігердің барлық кеңестерін қатаң түрде орындау қажет; дәрілерді уақытында қабылдау және ауру кезінде төсектен тұрмау, және сұйықты көп ішу.

Инфекцияның таралуын болдырмау үшін наукасты сау адамдардан оқшаулау (жеке бөлме бөлген жөн) керек. Науқас жатқан бөлмені жиі желдетіп, қолданыстағы заттары мен еденді зарарсыздандырғыш құралдармен сүрту қажет.

Наукаспен қарым-қатынасты мейілінше шектеген жөн, - деп баяндамасын аяқтады.

Жиналыс шешім етті:

1. Балабақша меңгерушісі Г. Жанибекованың «Ойын арқылы оқыту технологиясы» тақырыбындағы презентациясы қанағаттанарлық.
2. Балабақша тәрбиешісі П. Бидаулетованың «Ойыншықтарды жинауды қалай үйрету керек?» тақырыбындағы ата – аналармен пікір – алмасу нәтижесі қанағаттанарлық.
3. Балабақша медбикесі М. Базарбаеваның «Балалар ауруларының алдын алу» бойынша мейірбикенің баяндамасы қанағаттанарлық.

Балабақша меңгерушісі:

Хатшы:



Жанибекова Г

Музафорова Қ